

**"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сербия Республикасының Үкіметі арасындағы Еркін сауда туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 сәуірдегі № 353 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сербия Республикасының Үкіметі арасындағы Еркін сауда туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мажілісінің қаруына енгізілсін.

*Қазақстан*

*Республикасының*

*Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*

жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Сербия Республикасының**

**Үкіметі арасындағы Еркін сауда туралы келісімді ратификациялау туралы**

Астанада 2010 жылғы 7 қарашада жасалған Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Сербия Республикасы Үкіметі арасындағы еркін сауда туралы келісім ратификациялансын.

*Қазақстан*

*Республикасының*

*Президенті*

**Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Сербия Республикасы Үкіметі**

**арасындағы Еркін сауда туралы**

**КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Уағдаласушы тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сербия Республикасының Үкіметі,

сауда-экономикалық өзара ынтымақтастықты еркін дамытуға және тереңдетуге үмтүла отырып,

сауда-экономикалық қатынастардың негізі ретінде нарықтық экономика қағидаттарын ұстанатындарын растай отырып,

өздерінің өзара тиімді сауда-экономикалық қатынастарға белсенді қатысуы, оны өрістетуді көтермелейу ниетін растай отырып,

Уағдаласушы тараптардың әрбір мемлекетінде қолданыстағы ұлттық заңнамаға

және Дүниежүзілік сауда ұйымының (бұдан әрі - ДСҰ) қағидаларына сәйкес тауарлар мен капиталдың еркін қозғалысы үшін қажетті жағдайлар жасай отырып, төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

### Мақсаттары

М ы н а л а р :

екі мемлекеттің экономикалық дамуын жеделдетуге, өз азаматтарының тұрмыс және еңбек жағдайларын жақсартуға, өндіріс саласында халықты жұмыспен қамтуды ұлғайтуға, екі Уағдаласушы тарап мемлекеттерінің өндірістік және қаржылық тұрақтылығына қол жеткізуге бағытталған өзара сауда-экономикалық қатынастарды кеңейту және ынталандыру;

екі Уағдаласушы тарап мемлекеттерінің шаруашылық жүргізуши субъектілері арасындағы адаптацияның жағдайларды қамтамасыз ету осы Келісімнің мақсаттары болып табылады.

## 2-бап

### Еркін сауда режимі

Уағдаласушы тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына, осы Келісімнің ережелеріне және ДСҰ-ның қағидаттарына сәйкес тауарлармен өзара саудада еркін сауда режимін белгілеуді.

Уағдаласушы тараптардың бірі мемлекеттің аумағынан шығарылатын және екінші Уағдаласушы тарап мемлекеттің аумағына арналған тауарларды әкелуге Уағдаласушы тараптар кедендей баждарды, кедендей баждарға барабар әрекеті бар салықтар мен алымдарды қолданбайды және қолданбайтын болады.

Осы баптың екінші абзацының ережелері осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын 1/2 қосымшаларда көрсетілген тауарларға қолданылмайды.

М ы н а л а р :

негұрлым қолайлылық режимі қолданылмайтын кезде

а) Уағдаласушы тарап үшінші мемлекетке кеден одағы және (немесе) еркін сауда аймағы және (немесе) өнірлік интеграция жөніндегі халықаралық шарттар шеңберіндегі ынтымақтастық негізінде берген және беретін артықшылықтар;

б) 1994 жылғы Тарифтер және сауда туралы бас келісімге (бұдан әрі - ТСБК 1994) және өзге де халықаралық келісімдерге сәйкес дамушы елдердің пайдасына жекелеген мемлекеттерге берілетін артықшылықтар;

в) Уағдаласушы тарап шекара маңындағы сауданы көтермелей мақсатында кез келген көрші мемлекетке берген немесе беретін артықшылықтар туралы сөз болатын жағдайлардан басқа кезде Уағдаласушы тараптар көрсетілген тауарларды әкелуге

қатысты өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес неғұрлым қолайлылық режимі негізінде кедендей баждарды, кедендей баждарға барабар әрекеті бар салықтар мен а л ы м д а р д ы қ о л д а н а д ы .

Тауарларды әкету Уағдаласушы тараптардың әрқайсысының ұлттық заңнамасына сәйкес реттеледі.

### **3-бап**

#### **Қолданылу саласы**

Осы Келісімнің ережелері 1983 жылғы 14 маусымда Брюсселде жасалған Тауарларды сипаттау мен кодтаудың үйлестірілген жүйесі туралы халықаралық конвенцияға сәйкес және Уағдаласушы тараптар мемлекеттерінің ұлттық кеден тарифтеріне сәйкес қабылданған Тауарларды сипаттаудың және кодтаудың үйлестірілген жүйесі номенклатурасының 1 - 97-топтарында көрсетілген тауарларға қолданылатын болады.

### **4-бап**

#### **Сандық шектеулер және оларға балама шаралар**

Уағдаласушы тараптар өзара саудада осы Келісімнің шенберінде тауарларды әкелуге қатысты ТСБК 1994 XI және XII баптарында рұқсат етілгендерден басқа сандық шектеулерді немесе оларға барабар шараларды қолданбайды және қолданбайтын болады.

### **5-бап**

#### **Тауарлардың ішкі нарықтағы айналымы**

Уағдаласушы тараптардың әрқайсысы: ішкі өндірістің ұқсас тауарларына немесе үшінші мемлекеттерден шығатын тауарларға салынатын тиісті салықтардан немесе алымдардан асып түсетін ішкі салықтарды немесе алымдарды басқа Уағдаласушы тараптың осы Келісімнің қолданыс аясына түсетін тауарларына тікелей не жанама түрде салмайды;

осы Келісімнің қолданыс аясына түсетін тауарларды әкелуге және әкетуге қатысты ұқсас жағдайларда ішкі өндірістің ұқсас тауарларына немесе үшінші мемлекеттерден шығатын тауарларға қолданылмайтын қандай да бір арнайы шектеулерді немесе т а л а п т а р д ы е н г і з б е й д і ;

басқа Уағдаласушы тарап мемлекетінің аумағынан шығарылатын тауарларды қоймаға жинауға, қайта тиеуге, сақтауға, тасуға, сондай-ақ төлемдерге және төлемдерді

аударуға қатысты ұқсас жағдайларда өз тауарларына немесе үшінші мемлекеттерден шығатын тауарларға қатысты қолданылатындардан өзге ережелерді қолданбайтын болады.

## **6-бап**

### **Тауарды уақытша әкелу**

Уағдаласуши тараптар Уағдаласуши тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес Уағдаласуши тараптар мемлекеттерінің мұдделі шаруашылық жүргізуі субъектілері арасында жасалған, олардың құқықтары мен міндеттері айқындалған келісімшарттар негізінде бір-біріне жәрменкелер, арнайы көрмелер және басқа да осындай іс-шаралар ұйымдастыруға жәрдемдеседі.

## **7-бап**

### **Саудадағы техникалық кедергілер**

Уағдаласуши тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары өзара саудада қандай да бір техникалық кедергілерді болдырмау үшін стандарттау, метрология және тауарлардың сәйкестігін бағалау саласында ынтымақтасатын және ақпарат алмасатын б о л а д ы .

Осы Келісімнің ережелерін орындау мақсатында Уағдаласуши тараптар сынақтар актілерін, сәйкестік сертификаттарын немесе Уағдаласуши тараптар мемлекеттерінің арасындағы тауар айналымының нысанасы болып табылатын тауарларға тікелей немесе жанама түрде қатысты басқа да құжаттарды өзара тану туралы халықаралық к е л і с і м ж а с а й а л а д ы .

Тауарлардың техникалық нормативтік актілерге сәйкестігін белгілеу шарттары мен әдістерін Уағдаласуши тараптардың уәкілетті ұйымдары және органдары импорттаушы мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес және ДСҰ-ның саудадағы техникалық кедергілер жөніндегі келісімінің ережелерін есепке ала отырып айқынрайды.

## **8-бап**

### **Санитариялық және фитосанитариялық шаралар**

Тауарлардың өзара жеткізілуі мен транзиті үшін өнімдердің қауіпсіздігін растайтын қажетті құжаттарды келісу кезінде Уағдаласуши тараптар ДСҰ-ның санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі келісімінің қағидаттарын басшылыққа ала отырып, Уағдаласуши тараптар мемлекеттерінің санитариялық,

ветеринариялық және фитосанитариялық шаралар саласындағы ұлттық заңнамасы мен халықаралық міндеттемелерін өзара сауданы еркін немесе негізсіз кемсітушілік немесе жасырын шектеу болмайтындей түрде қолданатын болады.

## **9-бап**

### **Тауарлардың шығу тегі**

Тауарлардың шығу тегі осы Келісімге 3-қосымша және оның ажырамас бөлігі болып табылатын Тауардың шығарылған елін айқындау және әкімшілік ынтымақтастық әдістері туралы хаттама негізінде айқындалады.

## **10-бап**

### **Тауарлар транзиті**

Уағдаласуши тараптар тауарлардың еркін транзиті қағидаты осы Келісімнің мақсаттарына қол жеткізудің маңызды шарты болып табылатынымен келіседі.

Уағдаласуши тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес бір Уағдаласуши тарап мемлекетінің аумағынан шығарылған және екінші Уағдаласуши тараптың аумағы арқылы тасымалданатын тауарлардың кедергісіз транзитін қамтамасыз етеді.

## **11-бап**

### **Тауарлардың көрі экспортты**

Бір Уағдаласуши тарап мемлекетінің кедендік аумағынан шығарылған тауарларды екінші Уағдаласуши тарап мемлекетінің шаруашылық жүргізуши субъектілері өз мемлекетінің аумағынан тыс әкетуі көрі экспорт деп түсіндіріледі.

Мемлекетінің аумағынан осы тауарлар шығарылатын Уағдаласуши тарап оларды әкетуге қатысты реттеудің тарифтік және тарифтік емес шараларын қолданатын тауарлардың көрі экспорттына Уағдаласуши тараптар жол бермейді.

Осы баптың екінші абзацында көрсетілген тауарлардың көрі экспортты тек мемлекетінің аумағынан осы тауарлар шығарылатын Уағдаласуши тарап мемлекетінің құзыретті органы берген жазбаша рұқсат болған жағдайда ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Осы Келісімге қол қойған күннен бастап бір ай ішінде Уағдаласуши тараптар жазбаша рұқсат болғанда ғана көрі экспортты жүзеге асырылуы мүмкін тауарлар тізімдерімен алмасады, сондай-ақ бірін бірі аталған рұқсаттарды беруге уәкілетті құзыретті органдар туралы хабардар етеді. Тауарлар тізімдері өзгерген жағдайда аталған құзыретті органдар бірін бірі бұл туралы дереу хабардар етеді.

Мұндай тауарлар санкцияланбай көрі экспортталған жағдайда аумағында олар шығарылған мемлекет осы Келісімнің 19-бабында көзделген консультациялар мен

келіссөздер өткізілгеннен кейін санкцияланбаған кері экспорттан келген зиянды өтеуді талап етуге және (немесе) зиянның алдын алу жөнінде шаралар қабылдауға құқылы.

## 12-бап

### Жалпы ерекшеліктер

Мұндай шаралар отандық өндірісті не тұтынуды шектеумен бір мезгілде іске асырылатын жағдайларда, осы Келісім Уағдаласуши тараптардың әрқайсысының тауарларды әкелуге/әкетуге немесе олардың транзитіне қоғамдық мораль, қоғамдық тәртіпті немесе мемлекеттік қауіпсіздікті қорғау, адамдардың өмірі мен денсаулығын, жануарларды немесе өсімдіктер мен қоршаған ортаны қорғау, ұлттық игілік болып табылатын көркем, тарихи немесе археологиялық құндылықтарды қорғау, зияткерлік меншікті қорғау тұрғысынан дәлелді тыйымдарды немесе шектеулерді, алтынды немесе күмісті әкелуге/әкетуге, орны толмайтын табиғи ресурстардың сақталуына қатысты нормаларды қолдану құқығына кедергі болмайды.

Көрсетілген тыйымдар немесе шектеулер Уағдаласуши тараптар мемлекеттерінің арасындағы сауданы әдейі кемсіту немесе жасырын шектеу құралы болмауға тиіс.

Уағдаласуши тараптар мемлекеттерінің аумағынан шығарылған тауарларды, сондай-ақ халықаралық бақылаудағы технологияларды әкелуді/әкетуді қадағалау және бақылау шараларын қолдануды Уағдаласуши тараптар жоққа шығармайды.

## 13-бап

### Қауіпсіздік мақсатындағы ерекшеліктер

Осы Келісімдегі ешнәрсе қару-жарақ, оқ-дәрі және әскери материалдар саудасына, сондай-ақ егер мұндай сауда тікелей немесе жанама түрде қарулы құштерді жабдықтау мақсаты үшін жүзеге асырылса және (немесе) мұндай шаралар соғыс уақытында не басқа да төтенше жағдайларда, халықаралық қатынастарда қабылданатын болса, басқа тауарлар мен материалдар саудасына қатысты ыдыратушы материалдарға немесе олар жасалған материалдарға қатысты Уағдаласуши тараптардың біріне осы Уағдаласуши тарап ашылуын өзінің ұлттық қауіпсіздігінің мұдделеріне қайшы келетін деп не осы Уағдаласуши тарапқа ұлттық қауіпсіздік мұдделерін қорғау үшін өзі қажетті деп санайтын шараларды қабылдауға кедергі келтіретін деп қарайтын қандай да бір ақпаратты ашу талабы ретінде түсіндірілмеуі тиіс.

Әкелінуі/әкетілуі Уағдаласуши тараптардың мемлекеттері қатысуышылары болып табылатын халықаралық шарттарда көзделген рұқсат беру режиміне жатқызылатын тауарларға қатысты Уағдаласуши тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары өз мемлекеттерінің ұлттық заннамасына сәйкес оларды әкелуге/әкетуге рұқсат береді.

## **14-бап**

### **Зияткерлік меншікті қорғау**

Осы Келісімге қатысты «зияткерлік меншікті қорғау» ұғымы авторлық және сабактас құқықтарды қорғауды, оның ішінде компьютерлік бағдарламалар мен дереккорларды, өнертабыстарды, өндірістік үлгілерді, тауар белгілері мен қызмет көрсету белгілерін, тауарлар шығарылған жерлердің атаулары мен интегралды сыйбалар топологияларын қорғауды білдіреді.

Осы құқықтарды алу рәсімі мен кез келген бұзушылықтардан қорғау шараларын қоса алғанда, Уағдаласуши тараптар зияткерлік меншік құқығын қорғауды қамтамасыз етеді.

Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау Уағдаласуши тараптар мемлекеттерінің әрқайсысының заңнамасына және екі Уағдаласуши тараптың мемлекеттері қатысуышылары болып табылатын зияткерлік меншік мәселелерін реттейтін халықаралық келісімдерге сәйкес және ДСҰ-ның зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектісі туралы келісіміне сәйкес қамтамасыз етіледі.

Егер бір немесе екі Уағдаласуши тараптың мемлекеттері көрсетілген шарттардың қатысуышылары болып табылмаса, өзара және кемсітпеу қағидаты қолданылатын болады.

## **15-бап**

### **Төлемдер**

Осы Келісім бойынша барлық төлемдер Уағдаласуши тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес еркін айырбасталатын валюталарда жүзеге асырылады.

Осы Келісім шенберіндегі есеп айырысулар тиісті жеке және занды тұлғалар арасындағы өзара келісім бойынша банктік практикада қабылданған кез келген халықаралық есептілік түрі негізінде және Уағдаласуши тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес жүргізілуі мүмкін.

Уағдаласуши тараптар мемлекеттерінің шаруашылық жүргізуши субъектілері арасындағы тауарлар саудасына қатысты төлемдер және осындай төлемдерді кредит берушінің тұрған жері бойынша осы мемлекеттердің біреуінің аумағына аудару шектеуге жатқызмайды.

Уағдаласуши тараптар өз мемлекеттерінің шаруашылық жүргізуши субъектілерінің сауда операцияларын қамтамасыз ететін қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді кредиттерді беру немесе өтеу кезінде шектеулерден қалыс болады.

## **16-бап**

### **Демпинг және субсидиялар**

Егер Уағдаласуши тараптардың бірі осы Келісімде көзделген сауда қатынастарында ТСБК 1994 VI бабын қолдану туралы ДСҰ келісімінің және субсидиялар мен өтем шаралары туралы ДСҰ келісімінің түсінігінде демпинг және (немесе) субсидиялар орын алғып отыр деп санайтын болса, онда мұндай Уағдаласуши тарап осы Келісімнің 18-бабында көзделген рәсімдерді сақтау шартымен ДСҰ-ның көрсетілген келісімдеріне сәйкес мұндай практикаға қарсы шаралар қабылдауға құқылы.

Осы Келісімнің ережелері Уағдаласуши тараптардың тиісті рәсімдер жүргізгеннен кейін өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес осы Келісімнің 18-бабында белгіленген шарттарда және (немесе) рәсімге сәйкес демпингке қарсы немесе өтем шараларын қолдану туралы шешім қабылдау құқығын ешқандай түрде шектемейді.

## **17-бап**

### **Қорғау шаралары**

Егер қандай да бір тауарлар Уағдаласуши тараптардың бірі мемлекетінің аумағына импорттаушы мемлекеттегі бірдей немесе ұқсас тауарлардың ұлттық өндірушілеріне елеулі зиян келтіретіндей немесе келтіру қаупі төнетіндей сандарда және шарттарда әкелінетін болса, Уағдаласуши тараптардың әрқайсысы тиісті рәсім жүргізілгеннен кейін кімнің мұддесі қозғалғанына байланысты Уағдаласуши тараптар мемлекеттерінің әрқайсысында қолданыстағы заңнамаға сәйкес осы Келісімнің 18-бабында белгіленген шарттарда және/немесе рәсімдерге және ДСҰ-ның қорғау шаралары туралы келісіміне сәйкес қажетті шараларды қабылдай алады.

## **18-бап**

### **Қорғау шараларын қолдану рәсімі**

Осы Келісімнің 16 және 17-баптарында көзделген шараларды қолдану басталғанға дейін Уағдаласуши тараптар өзара тиімді шешім табу мақсатында дауларды осы Келісімнің 23-бабына сәйкес құрылған Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Сербия үкіметаралық комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) шеңберінде тікелей консультациялар өткізу арқылы шешуге ұмтылатын болады.

Осы Келісімнің 16 және 17-баптарында көзделген демпингке қарсы, өтем немесе қорғау шараларын енгізу қарсаңындағы рәсімдерді бастау туралы шешім қабылдаған Уағдаласуши тарап бұл туралы басқа Уағдаласуши тарапқа уақтылы хабарлауға тиіс және оған рәсімге бастамашы болған Уағдаласуши тарап мемлекетінің заңнамасында көзделген және ДСҰ келісіміне сәйкес акпарат беруге тиіс.

Егер Уағдаласуши тараптар Комиссия шеңберіндегі консультациялар басталған сәттен бастап 30 күн ішінде өзара тиімді шешімге қол жеткізе алмаса, онда демпингке қарсы, өтем немесе қорғау шараларын енгізу қарсаңындағы рәсімге бастамашы болған Уағдаласуши тарап тиісті рәсімдер жүргізілгеннен кейін басқа Уағдаласуши тарапқа

бұл туралы алдын ала хабарлап, елеулі зиянның салдарын немесе елеулі экономикалық зиян тигізу қаупін жою шараларын қолдануға құқылы. Көрсетілген шараларды қолдану көлемі мен кезеңі зиянды жою үшін қажетті шектеулі сипатта болуға тиіс.

Осы Келісімнің 16 және 17-баптарында көзделген шараларды тандау кезінде Уағдаласуши тараптар мейлінше аз экономикалық зиян келтіретініне және осы Келісімнің орындалуына мейлінше аз дәрежеде кедергі жасайтынына басымдық береді.

Осы Келісімнің 16 және 17-баптарында көзделген шараларды қабылдауды кідірту орны толтырылуы қын зиянға әкелуі мүмкін ерекше жағдайларда қорғау шараларын қолдану рәсіміне бастамашы болған Уағдаласуши тарап мүндай консультациялардың осындаш шаралар енгізілгеннен кейін дереке ұсынылу шартымен консультациялар өткізілгенге дейін уақытша шаралар қолдана алады.

## 19-бап

### Дауларды реттеу

Осы Келісімді түсіндіруге немесе іске асыруға байланысты Уағдаласуши тараптар арасында даулы мәселелер туындаған жағдайда олар консультациялар және келіссөздер арқылы шешілетін болады.

Егер дауды осы баптың бірінші абзацында көрсетілген тәртіппен Уағдаласуши тараптардың бірі дауды реттеуге бастама жасаған және басқа Уағдаласуши тараптың бұл туралы жазбаша хабарлама алған күнінен бастап үш ай құрайтын мерзім ішінде реттеу мүмкін болмаса, бірінші Уағдаласуши тарап басқа Уағдаласуши тарапқа қарсы тиісті шаралар қолдана алады.

## 20-бап

### Төлем теңгерімі саласындағы қындықтар

Егер Уағдаласуши тараптардың бірінің мемлекеті төлем теңгерімі саласында елеулі қындықтарға тап болса немесе олардың пайда болуының шынайы қаупі болса, ол көрсетілген қындықтардың әрекет ету кезеңіне тауарларды әкелуге қатысты шараларды қоса алғанда, өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес және ТСБК 1994 тиісті ережелері мен Халықаралық валюта қоры келісімінің баптарын ескере отырып, кемсітпеу қағидаты негізінде шектеу шараларын енгізе алады.

Осы Уағдаласуши тарап басқа Уағдаласуши тарапты өзінің аталған шектеу шараларын енгізу ниеті туралы, олардың әрекет ету кезеңі мен оларды жою туралы уақтылы хабардар етуге тиіс.

Төлем теңгерімінің тепе-тендігін қорғау жөніндегі шараларды ұлттық өндірушілерді қорғау үшін пайдалануға болмайды.

## **21-бап**

### **Ақпарат алмасу**

Уағдаласушы тараптар жүйелі негізде өз мемлекеттерінің экономикалық қызметті, оның ішінде, сауда, инвестиция, салық салу мәселелерін, банк және сақтандыру қызметін және басқа да қаржылық қызметтерді, көлік және кеден мәселелерін реттейтін ұлттық заңнамасы туралы ақпарат алмасып тұрады.

Уағдаласушы тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасындағы осы Келісімді орындауға әсерін тигізуі мүмкін өзгерістер туралы бір-біріне дереу хабарлап тұрады.

Уағдаласушы тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары осындай ақпарат алмасу тәртібін келіседі.

Осы баптың ережелері кез келген Уағдаласушы тарап мемлекетінің құзыретті органдарын:

ұлттық заңнама бойынша немесе Уағдаласушы тараптардың бірінің әдеттегі әкімшілік практикасы барысында алуға болмайтын;

қандай да бір сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе берілуі Уағдаласушы тараптың мемлекеттік мұддесіне қайшы келетін өзге ақпаратты беруге міндеттейді деп түсіндірілмейді.

## **22-бап**

### **Келісімді дамыту**

Егер Уағдаласушы тараптардың бірі өз мемлекетінің ұлттық заңнамасын ескере отырып, осы Келісімнің ережелерін сауда-экономикалық ынтымақтастықтың осы Келісімде көзделмеген салаларына таратуды жөн деп санаса, онда ол басқа Уағдаласушы тарапқа дәлелді ұсыныс жібереді. Мұндай ұсыныс қабылданғаннан кейін осы Келісім осы Келісімнің 24-бабында көзделген рәсімге сәйкес толықтырылуға тиіс.

## **23-бап**

### **Үкіметаралық комиссия**

Осы Келісімнің орындалуын бақылау Комиссияға жүктеледі.

Комиссия Уағдаласушы тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдарынан құралады. Комиссияның отырыстары Қазақстан Республикасында және Сербия Республикасында кезек-кезек жылына бір рет өткізіледі.

Комиссия Келісім шенберіндегі ынтымақтастық нәтижелерін қарайды және Келісімнің мақсаттарын орындау үшін ұсыныстар береді.

Комиссия осы Келісімге түзетулер мен өзгерістер бойынша ұсыныстар береді.

Егер қажет болса, Комиссия осы Келісімнің мақсаттарын орындауды жеңілдету үшін кіші комиссиялар мен жұмыс топтарын құрады.

Комиссияның жұмыс тәртібі Комиссия бекітетін Регламентпен айқындалады.

Егер әрбір нақты жағдайда өзгеше тәртіп келісілмеген болса, Уағдаласуши тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заннамаларына сәйкес Комиссияның қызметіне байланысты шығыстарды өздері көтереді.

## 24-бап

### Өзгерістер мен толықтырулар

Осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар Уағдаласуши тараптардың келісімі бойынша осы Келісімге қосымшалар және оның ажырамас бөліктері болып табылатын хаттамалар нысанында енгізуі мүмкін.

## 25-бап

### Күшіне енуі және қолданылу мерзімі

Осы Келісім Уағдаласуши тараптар мемлекеттерінің қолданыстағы құқығына қайшы келмейтін бөлігінде 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап уақытша қолданылады және дипломатиялық арналар арқылы оның күшіне енуі үшін қажетті барлық мемлекетішілік рәсімдерді Уағдаласуши тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және егер Уағдаласуши тараптардың ешқайсысы дипломатиялық арналар арқылы басқа Уағдаласуши тарапты бес жылдық мерзім өткенге дейін кемінде он екі ай бұрын өзінің оның қолданысын ұзартпау ниеті туралы жазбаша нысанда хабардар етпесе, өздігінен белгісіз мерзімге ұзартылады.

Осы Келісімнің қолданылуы белгіленбеген мерзімге ұзартылған жағдайда, ол бір Уағдаласуши тарап дипломатиялық арналар арқылы екінші Уағдаласуши тараптан оның осы Келісімнің қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап алты ай өткен соң тоқтатылуы мүмкін.

Осы Келісімнің қолданысы тоқтатылған жағдайда оның ережелері осы Келісімнің қолданылу кезеңінде жасалған барлық келісімшарттар бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін оларға қолданылатын болады.

Астана қаласында 2010 жылғы «7» қазанда қазақ, серб және орыс тілдерінде әрқайсысы екі түпнұсқа данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының

Сербия Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Қазақстан

Республикасының

Үкіметі

мен

Сербия

Республикасының

Үкіметі

арасындағы

Еркін

сауда

туралы

1-қосымша

келісімге

**Сербия Республикасынан Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелу кезінде еркін сауда режимінен алынуға жататын тауарлар тізбесі**

КО СЭҚ ТН коды	СР ТН коды	Позиция атаулары
1	2	3
0207	0207	0105 тауар позициясында көрсетілген үй құсының еті және тағамдық қосымша өнімдері, жас тоқазытылған немесе мұздатылған
0 4 0 6 (0406 30 100 0 коспағанда)	3 0 (0406 30 10 00 коспағанда)	Балқытылған сырлар, ұсақталмаған немесе ұнтақталмаған: өзгелері Балқытылған сырлар, ұсақталмаған немесе ұнтақталмаған: өндірілуі кезінде тек қана Эмменгалер, Грюйер және Аппенцеллер, сырлары пайдаланылған және Гларск, цигері қосымша ингридиент ретінде қосылуы мүмкін (сондай-ақ «Шабцигер» дег аталағын); бөлшек сауда үшін оралған, күрғақ заттағы майы 56 салм. %-дан аспайтын
0406 90 690	0406 90 69 00	Өзге сырлар: майы 40 салм. %-дан аспайтын және майсыздандырылған затқа есептегендеге сүы бар өзге де сырлар 47 салм. %-дан аспайтын
0406 90 860 0	0406 90 86 00	Өзге сырлар: майы 40 салм. %-дан аспайтын және майсыздандырылған затқа есептегендеге сүы бар өзге де сырлар 47 салм. %-дан астам, бірақ 52 салм. %-дан аспайтын
0406 90 870 0	0406 90 87 00	Өзге сырлар: майы 40 салм. %-дан аспайтын және майсыздандырылған затқа есептегендеге сүы бар өзге де сырлар 52 салм. %-дан астам, бірақ 62 салм. %-дан аспайтын
0406 90 880 0	0406 90 88 00	Өзге сырлар: майы 40 салм. %-дан аспайтын және майсыздандырылған затқа есептегендеге сүы бар өзге де сырлар 62 салм. %-дан астам, бірақ 72 салм. %-дан аспайтын
0406 90 930 0	0406 90 93 00	Өзге сырлар: майы 40 салм. %-дан аспайтын және майсыздандырылған затқа есептегендеге сүы бар өзге де сырлар 52 салм. %-дан астам
0406 90 990 0	0406 90 99 00	Өзге сырлар: өзгелері
1701 99 100 1 1701 99 100 9	1701 99 100	Ақ қант
2204 10	2204 10	Көбікті шараптар
2207	2207	Құрамында кемінде 80 көл. %-дан спирт бар денатуратталмаған этил спирті; денатуратталған, кез келген концентрациядағы этил спирті және өзге де спирттер
2208	2208	Көлемді 80 көл. %-дан кем спирт концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті; спирт тұнбалары, ликерлер және басқа да спиртті ішімдіктер
2402	2402	Сигарлар, ұштары кесілген сигарлар, сигариллалар мен темекіден немесе оларды алмастырыштардан жасалған сигареттер
4012 11 000 0	4012 11 00 00	Жеңіл автомобилдерге арналған (жүк-жолаушы автомобиль-фургондары мен спорттық автомобилдерді қоса алғанда) қалпына келтірілген шиналар мен қақпақшалар
4012 12 000 0	4012 12 00 00	Автобустарға немесе моторлы жүк тасымалдайтын көлік құралдарына арналған қалпына келтірілген шиналар мен қақпақшалар
4012 13 000 0	4012 13 00 00	Авиацияға арналған қалпына келтірілген шиналар мен қақпақшалар
4012 19 000 0	4012 19 00 00	Қалпына келтірілген шиналар мен қақпақшалар, өзгелері
4012 20 000	4012 20 00 00	Колданыста болған пневматикалық шиналар мен қақпақшалар

5205	5205	Бөлшек сауда үшін өлшеніп салынбаған, кұрамында 85 салм. % немесе одан астам мақта талшықтары бар мақта іірімжібі (тігін жіптерінен басқа)
5208	5208	200 г/м <sup>2</sup> аспайтын беттік тығыздықтағы кұрамында 85 салм. %-дан немесе одан да көп мақта талшықтары бар мақта маталары
5209	5209	200 г/м <sup>2</sup> аспайтын беттік тығыздықтағы 85 салм. %-дан немесе одан да астам мақта талшықтары бар мақта маталары
5210	5210	200 г/м <sup>2</sup> аспайтын беттік тығыздықтағы негізінен немесе тек химиялық талшықтармен араласқан, кұрамында 85 салм. %-дан кем мақта талшықтары бар мақта маталары
5211	5211	200 г/м <sup>2</sup> астам беттік тығыздықтағы негізінен немесе тек химиялық талшықтармен араласқан, кұрамында 85 салм. %-дан кем мақта талшықтары бар мақта маталары
5212	5212	Өзге де мақта маталары
58	58	Арнайы маталар; тафтингілік тоқыма материалдары; шілтерлер; гобелендер; әрлеу материалдары; кестелер
8414 30 баска: 8414 30 200 1	8414 30 баска: 8414 30 20 10	Тоңазыту жабдықтарында пайдаланылатын компрессорлар Азаматтық авиацияға арналған тоңазыту жабдықтарында пайдаланылатын компрессорлар, қуаттығы 0,4кВт-тан аспам емес
8414 30 810 1	8414 30 81 00	Азаматтық авиацияға арналған тоңазыту жабдықтарында пайдаланылатын компрессорлар, қуаттығы 0,4кВт-тан астам, герметикалық немесе жартылай герметикалық
8414 30 890 1	8414 30 89 10	Азаматтық авиацияға арналған тоңазыту жабдықтарында пайдаланылатын компрессорлар, қуаттығы 0,4кВт-тан астам, өзгелері
8701	8701	Тракторлар (8709 тауар позициясының тракторларынан басқа)
8702 10 19	8702 10 19 00	Жүргізушиңі қоса алғанда, 10 немесе одан да көп адамды тасымалдауға арналған, моторлы көлік құралдары, қысыммен тұтанатын іштен жану қозғалтқышымен (дизельді немесе жартылай дизельді), қозғалтқыш цилиндрлерінің жұмыс көлемі 2500 см <sup>3</sup> астам, бұрын пайдаланылған
8702 10 99	8702 10 99 00	Жүргізушиңі қоса алғанда, 10 немесе одан да көп адамды тасымалдауға арналған, моторлы көлік құралдары, қысыммен тұтанатын іштен жану қозғалтқышымен (дизельді немесе жартылай дизель/п), қозғалтқыш цилиндрлерінің жұмыс көлемі 2500 см <sup>3</sup> аспайтын, бұрын пайдаланылған
8702 90 19	8702 90 19 00	Жүргізушиңі қоса алғанда, 10 немесе одан да көп адамды тасымалдауға арналған, моторлы көлік құралдары, ұшқыннан от алатын поршеньді іштен жану қозғалтқышы бар, қозғалтқыш цилиндрінің жұмыс көлемі 2800 см <sup>3</sup> астам, бұрын пайдаланылған
8702 90 39	8702 90 39 00	Жүргізушиңі қоса алғанда, 10 немесе одан да көп адамды тасымалдауға арналған, моторлы көлік құралдары, ұшқыннан от алатын поршеньді іштен жану қозғалтқышы бар, қозғалтқыш цилиндрінің жұмыс көлемі 2800 см <sup>3</sup> аспайтын, бұрын пайдаланылған
8703	8703	Жолаушы-жүк фургон автомобилдері және жарыска қатысатын автомобилдерді қоса алғанда негізінен адамдарды тасуға арналған жеңіл автомобилдер және өзге де моторлы көлік құралдары (8702 тауар позициясының моторлы көлік құралдарынан басқа)
8704 21 390	8704 21 39 00	Жүк тасуға арналған моторлы көлік құралдары, өзгелері, қысыммен тұтанатын поршеньді іштен жану қозғалтқышы (дизельмен немесе жартылай дизельді), көлік құралының толық салмағы 5 т аспайтын, қозғалтқыш цилиндрінің жұмыс көлемі 2500 см <sup>3</sup> астам, бұрын пайдаланылған

8704 21 990	8704 21 99 00	Жүк тасуға арналған моторлы көлік құралдары, өзгелері, қысыммен тұтанатын поршеньді іштен жану қозғалтқышы (дизельмен немесе жартылай дизельді), көлік құралының толық салмағы 5 т аспайтын, қозғалтқыш цилиндрінің жұмыс көлемі 2500 см <sup>3</sup> аспайтын, бұрын пайдаланылған
8704 22 990	8704 22 99 00	Жүк тасуға арналған моторлы көлік құралдары, өзгелері, қысыммен тұтанатын поршеньді іштен жану қозғалтқышы (дизельмен немесе жартылай дизельді), көлік құралының толық салмағы 5 т астам, қозғалтқыш цилиндрінің жұмыс көлемі 2500 см <sup>3</sup> астам, бірақ 20 т аспайтын, бұрын пайдаланылған
8704 23 990	8704 23 99 00	Жүк тасуға арналған моторлы көлік құралдары, өзгелері, қысыммен тұтанатын поршеньді іштен жану қозғалтқышы (дизельмен немесе жартылай дизельді), көлік құралының толық салмағы 20 т астам, бұрын пайдаланылған
8704 31 390	8704 31 39 00	Жүк тасуға арналған моторлы көлік құралдары, өзгелері, жалынмен тұтанатын поршеньді іштен жану қозғалтқышы, көлік құралының толық салмағы 5 т аспайтын, қозғалтқыш цилиндрінің жұмыс көлемі 2800 см <sup>3</sup> астам, бұрын пайдаланылған
8704 31 990	8704 31 99 00	Жүк тасуға арналған моторлы көлік құралдары, өзгелері, жалынмен тұтанатын поршеньді іштен жану қозғалтқышы, көлік құралының толық салмағы 5 т аспайтын, қозғалтқыш цилиндрінің жұмыс көлемі 2800 см <sup>3</sup> аспайтын, бұрын пайдаланылған
8704 32 990	8704 32 99 00	Жүк тасуға арналған моторлы көлік құралдары, өзгелері, жалынмен тұтанатын поршеньді іштен жану қозғалтқышы, көлік құралының толық салмағы 5 т астам, бұрын пайдаланылған

Қазақстан Республикасының Үкіметі  
мен Сербия Республикасының Үкіметі  
арасындағы Еркін сауда туралы келісімге  
2-қосымша

## Қазақстан Республикасынан Сербия Республикасының кедендейк аумағына әкелу кезінде еркін сауда режимінен алынуға жататын тауарлар тізбесі

КО СЭК ТН коды	СР ТН коды	Позиция атаулары
1	2	3
0406 30 (0406 30 100 0 коспағанда)	0406 30 (0406 30 10 00 коспағанда)	Балқытылған сырлар, ұсақталмаған немесе ұнтақталмаған: өзгелері Балқытылған сырлар, ұсақталмаған немесе ұнтақталмаған: өндірілуі кезінде тек қана Эмменталер, Грюйер және Аппенцеллер, сырлары пайдаланылған және Гларск, цигері қосымша ингридиент ретінде қосылуы мүмкін (сондай-ақ «Шабцигер» деп аталағын); бөлшек сауда үшін оралған, құрғақ заттағы майы 56 салм. %-дан аспайтын
0406 90 690	0406 90 69 00	Өзге сырлар: майы 40 салм. %-дан аспайтын және майсыздандырылған затқа есептегендегі сұзы бар өзге де сырлар 47 салм. %-дан аспайтын
0406 90 860 0	0406 90 86 00	Өзге сырлар: майы 40 салм. %-дан аспайтын және майсыздандырылған затқа есептегендегі сұзы бар өзге де сырлар 47 салм. %-дан астам, бірақ 52 салм. %- дан аспайтын

0406 90 870 0	0406 90 87 00	Өзге сырлар: майы 40 салм. %-дан аспайтын және майсыздандырылған затқа есептегенде сұы бар өзге де сырлар 52 салм. %-дан астам, бірақ 62 салм. %-дан аспайтын
0406 90 880 0	0406 90 88 00	Өзге сырлар: майы 40 салм. %-дан аспайтын және майсыздандырылған затқа есептегенде сұы бар өзге де сырлар 62 салм. %-дан астам, бірақ 72 салм. %-дан аспайтын
0406 90 930 0	0406 90 93 00	Өзге сырлар: майы 40 салм. %-дан аспайтын және майсыздандырылған затқа есептегенде сұы бар өзге де сырлар 52 салм. %-дан астам
0406 90 990 0	0406 90 99 00	Өзге сырлар: өзгелері
1701 99 100 1 1701 99 100 9	1701 99 100	Ақ кант
2207	2207	Құрамында кемінде 80 көл. %-дан спирт бар денатуратталмаған этил спирті; денатуратталған, кез келген концентрациядағы этил спирті және өзге де спирттер
2208	2208	Көлемді 80 көл. %-дан кем спирт концентрациясы бар денатуратталмаған этил спирті; спирт түнбалары, ликерлер және басқа да спиртті ішімдіктер
2402	2402	Сигарлар, ұштары кесілген сигарлар, сигариллалар мен темекіден немесе оларды алмастырғыштардан жасалған сигареттер
4012 11 000 0	4012 11 00 00	Женіл автомобильдерге арналған (жүк-жолаушы автомобиль-фургондары мен спорттық автомобильдерді қоса алғанда) қалпына келтірілген шиналар мен қақпақшалар
4012 12 000 0	4012 12 00 00	Автобустарға немесе моторлы жүк тасымалдайтын көлік құралдарына арналған қалпына келтірілген шиналар мен қақпақшалар
4012 13 000 0	4012 13 00 00	Авиацияга арналған қалпына келтірілген шиналар мен қақпақшалар
4012 19 000 0	4012 19 00 00	Қалпына келтірілген шиналар мен қақпақшалар, өзгелері
4012 20 000	4012 20 00 00	Қолданыста болған пневматикалық шиналар мен қақпақшалар
8701 20 90	8701 20 90 00	Жартылай тіркемеге арналған дөңгалакты тракторлар, бұрын пайдаланылған
8701 90 500 0	8701 90 50 00	Дөңгалакты, ауыл шаруашылығы жұмыстарына арналған тракторлар (бірге келе жатқан жүргізуші басқаратын тракторды қоспағанда) және орман шаруашылығына арналған тракторлар, бұрын пайдаланылған
8702 10 19	8702 10 19 00	Жүргізушиңі қоса алғанда, 10 немесе одан да көп адамды тасымалдауға арналған, моторлы көлік құралдары, қысыммен тұтанатын іштен жану қозғалтқышымен (дизельді немесе жартылай дизельді), қозғалтқыш цилиндрлерінің жұмыс көлемі 2500 см <sup>3</sup> астам, бұрын пайдаланылған
8702 10 99	8702 10 99 00	Жүргізушиңі қоса алғанда, 10 немесе одан да көп адамды тасымалдауға арналған, моторлы көлік құралдары, қысыммен тұтанатын іштен жану қозғалтқышымен (дизельді немесе жартылай дизельді), қозғалтқыш цилиндрлерінің жұмыс көлемі 2500 см <sup>3</sup> аспайтын, бұрын пайдаланылған
8702 90 19	8702 90 19 00	Жүргізушиңі қоса алғанда, 10 немесе одан да көп адамды тасымалдауға арналған, моторлы көлік құралдары, ұшқыннан от алатын поршеньді іштен жану қозғалтқышы бар, қозғалтқыш цилиндрінің жұмыс көлемі 2800 см <sup>3</sup> астам, бұрын пайдаланылған
8702 90 39	8702 90 39 00	Жүргізушиңі қоса алғанда, 10 немесе одан да көп адамды тасымалдауға арналған, моторлы көлік құралдары, ұшқыннан от алатын поршеньді іштен жану қозғалтқышы бар, қозғалтқыш цилиндрінің жұмыс көлемі 2800 см <sup>3</sup> аспайтын, бұрын пайдаланылған
		Жолаушы-жүк фургон автомобильдері және жарысқа қатысадын автомобильдерді қоса алғанда негізінен адамдарды тасуға арналған женіл

8703	8703	автомобильдер және өзге де моторлы көлік құралдары (8702 тауар позициясының моторлы көлік құралдарынан басқа)
8704 21 390	8704 21 39 00	Жұк тасуға арналған моторлы көлік құралдары, өзгелері, қысыммен тұттанатын поршеньді іштеп жану қозғалтқышы (дизельмен немесе жартылай дизельді), көлік құралының толық салмағы 5 т аспайтын, қозғалтқыш цилиндрінің жұмыс көлемі 2500 см <sup>3</sup> астам, бұрын пайдаланылған
8704 21 990	8704 21 99 00	Жұк тасуға арналған моторлы көлік құралдары, өзгелері, қысыммен тұттанатын поршеньді іштеп жану қозғалтқышы (дизельмен немесе жартылай дизельді), көлік құралының толық салмағы 5 т аспайтын, қозғалтқыш цилиндрінің жұмыс көлемі 2500 см <sup>3</sup> аспайтын, бұрын пайдаланылған
8704 22 990	8704 22 99 00	Жұк тасуға арналған моторлы көлік құралдары, өзгелері, қысыммен тұттанатын поршеньді іштеп жану қозғалтқышы (дизельмен немесе жартылай дизельді), көлік құралының толық салмағы 5 т астам, қозғалтқыш цилиндрінің жұмыс көлемі 2500 см <sup>3</sup> астам, бірақ 20 т аспайтын, бұрын пайдаланылған
8704 23 990	8704 23 99 00	Жұк тасуға арналған моторлы көлік құралдары, өзгелері, қысыммен тұттанатын поршеньді іштеп жану қозғалтқышы (дизельмен немесе жартылай дизельді), көлік құралының толық салмағы 20 т астам, бұрын пайдаланылған
8704 31 390	8704 31 39 00	Жұк тасуға арналған моторлы көлік құралдары, өзгелері, жалынмен тұттанатын поршеньді іштеп жану қозғалтқышы, көлік құралының толық салмағы 5 т аспайтын, қозғалтқыш цилиндрінің жұмыс көлемі 2800 см <sup>3</sup> астам, бұрын пайдаланылған
8704 31 990	8704 31 99 00	Жұк тасуға арналған моторлы көлік құралдары, өзгелері, жалынмен тұттанатын поршеньді іштеп жану қозғалтқышы, көлік құралының толық салмағы 5 т аспайтын, қозғалтқыш цилиндрінің жұмыс көлемі 2800 см <sup>3</sup> аспайтын, бұрын пайдаланылған
8704 32 990	8704 32 99 00	Жұк тасуға арналған моторлы көлік құралдары, өзгелері, жалынмен тұттанатын поршеньді іштеп жану қозғалтқышы, көлік құралының толық салмағы 5 т астам, бұрын пайдаланылған

Қазақстан Республикасының Үкіметі  
мен Сербия Республикасының Үкіметі  
арасындағы Еркін сауда туралы келісімге  
3-қосымша

## Тауарлардың шығу елін анықтау және әкімшілік ынтымақтастық әдістері туралы ХАТТАМА

Қазақстан Республикасы мен Сербия Республикасы (бұдан әрі «Уағдаласуши тараптар» деп аталады) өз мемлекеттерінің атынан  
Уағдаласуши тараптардан шығатын және олардың арасындағы тауар айналымының мәні болып табылатын тауарларға қатысты мына төмендегілер туралы осы Хаттаманы жасасты:

## **1-бап**

### **Терминдер мен анықтамалар**

1. Тауардың шыққан елі - тауар толығымен шыққан немесе осы Хаттамага сәйкес жеткілікті өндеуге (қайта өндеуге) ұшыраған мемлекет.
2. Жеткілікті өндеу (қайта) өндеу өлшемі тауарлардың шығу өлшемдерінің бірі, егер тауарды шығаруға екі немесе одан көп ел қатысса, ол соған сәйкес тауарға тән қасиеттерді беру үшін жеткілікті соңғы елеулі өндеуге (қайта өндеуге) ұшыраған мемлекеттің аумағында шыққан деп саналады.
3. Дайындау (өндіру) - мақсаты өнім алу болып табылатын жинауды және қандай да бір ерекше операцияларды қоса алғанда, өндірістік немесе технологиялық операциялардың кез келген түрін орындау.
4. Материал - өнімді шығару үшін пайдаланылатын кез келген ингредиент, шикізат, құрамдас немесе бөлшек және т.б.
5. Шетелден шыққан материал Уағдаласуши тараптар мемлекеттерінің аумақтарынан шықпаған материал немесе шыққан жері анықталмаған материал.
6. Өнім - дайындалған (өндірілген) өнім, тіпті ол басқа өндірістік операцияға одан әрі пайдалануға арналған болса да.
7. Тауар - кез келген мұлік, материал және сол сияқты өнім, соның ішінде жылу, электр, өзге де энергия түрлері мен кеден шекарасы арқылы өтетін көлік құралдары (жолаушылар мен тауарларды халықаралық тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралдарын қоспағанда).
8. Тауар легі бір жүк жөнелтушіден екінші жүк жөнелтушінің атына бір немесе бірнеше тауар-көлік құжаттары бойынша бір уақытта жеткізілетін тауарлар, сондай-ақ бір пошта жүккүжатымен жіберілетін не шекарадан өтетін бір адамның жүгі ретінде өткізілетін тауарлар.
9. Франко-зауыт шарттарындағы баға - кәсіпорнында франко-зауыт шарттарымен соңғы өндеу (қайта өндеу) жүргізілген дайындаушыға төленуі тиіс тауардың құны.
10. Резидент - заңды тұлға мәртебесі жоқ, Уағдаласуши тараптар мемлекеттерінің бірінің ұлттық заңнамасы бойынша тұрған жері, тұрақты келген жері, басқару, тіркеу орны негізінде оған салық салынатын кез келген жеке және заңды тұлғалар, кәсіпорындар немесе ұйымдар.
- Алайда, тауарларды өндіруге және (немесе) сатуға байланысты емес операциялардан алынған табысына қатысты ғана Уағдаласуши тарапта салық салуға ұшырайтын тұлғалар көрсетілген ұғымға қосылмайды.
11. Жүк жөнелтуші (жүк алушы) - өздеріне алған міндеттемелеріне сәйкес тауарларды тасымалдаушыға (тасымалдаушыдан) берген (қабылдаған) немесе беруге (қабылдауға) ниеттенген тауар-көлік құжаттарында көрсетілген тұлға.
12. Экспорттауышы - сыртқы сауда шартының (мәмілесінің) тарапы болып

табылатын, тауарды екінші Уағдаласуши тарап мемлекетінің резидентіне жеткізетін Уағдаласуши тараптар мемлекеттерінің бірінің резиденті.

13. Импорттаушы - сыртқы сауда шартының (мәмілесінің) тарапы болып табылатын, тауарды екінші Уағдаласуши тараптың мемлекеті резидентінің тауарын алушы Уағдаласуши тараптар мемлекеттерінің бірінің резиденті.

14. Өтініш беруші - тауардың шыққан жері туралы сертификатта көрсетілген тауарлар туралы мәліметтердің дұрыстығын растайтын және ол үшін жауап беретін тауардың шыққан жері туралы сертификатты алу үшін әкететін елдің үәкілетті органына (ұйымына) жүгінген тұлға.

Тауарды экспорттаушы-жүк жөнелтушілер немесе әкетуші елдің ұлттық заңнамасына сәйкес олардың мүддесін білдіретін тұлғалар өтініш беруші бола алады (сенімхаттың, тапсырма шартының және басқа да құжаттардың негізінде).

Көрсетілген ұғымға импорттаушы тауардың жүк алушысы немесе әкетуші елдің ұлттық заңнамасына сәйкес олардың мүддесін білдіретін тұлға да қосыла алады (сенімхаттың, тапсырма шартының және басқа да құжаттардың негізінде).

15. Тауардың шыққан жері туралы сертификат - тауардың шығатын елін күэландыратын және Уағдаласуши тараптардың бірінің ұлттық заңнамасына сәйкес сол мемлекет үәкілеттік берген орган (ұйым) берген құжат.

16. Тауардың шыққан жері туралы декларация дайындаушы, сатушы немесе тауарды алып өтетін тұлға коммерциялық шотта не тауарға қатысы бар өзге де құжатта жасаған тауардың шыққан жері туралы мәлімдеме.

17. Тікелей жеткізу - басқа мемлекеттің аумағы арқылы жүргізбей Уағдаласуши тараптардың бірінен екінші Уағдаласуши тараптың аумағына тасымалданатын тауарлар тасымалы.

18. Тауардың кедендік құны - ГАТТ 1994 VII бабын қолдану туралы келісімге сәйкес белгіленген құн.

## 2-бап

### Тауардың шыққан жерінің өлшемі

Аумағында тауар толығымен шығарылған немесе осы Хаттамаға сәйкес жеткілікті өндеуге (қайта өндеуге) ұшыраған Уағдаласуши тараптың мемлекеті тауардың шыққан елі болып саналады.

## 3-бап

### Толығымен шығарылған тауарлар

1. Мына тауарлар толығымен Уағдаласуши тараптың мемлекетінде шығарылған болып есептеді:

1.1. Уағдаласуши тараптың осы мемлекетінің жер қойнауынан, оның аумақтық

теңізінде (суларында) немесе теңіздің түбінен өндіріп алынған пайдалы қазбалар.

1.2. Уағдаласуши тарап мемлекетінде өсірілген және (немесе) жиналған өсімдік тектес

өнім.

1.3. Уағдаласуши тарап мемлекетінде туған және өсірілген тірі жануарлар.

1.4. Уағдаласуши тарап мемлекетінде өсірілген жануарлардан осы елде алынған

өнім.

1.5. Уағдаласуши тарап мемлекетінде аңшылық және балық аулау кәсіпшілігі нәтижесінде алынған өнім.

1.6. Уағдаласуши тарап осы мемлекетте тіркелген немесе есепке қойылған және Уағдаласуши тараптың осы мемлекетінің туын алып жүретін кемелері Уағдаласуши тарап мемлекетінің аумақтық теңізінен тыс жерлерде ауланған балық аулау кәсіпшілігінің өнімі мен теңіз кәсіпшілігінің басқа да өнімі.

1.7. Егер осындай қайта өндеуші кеме Уағдаласуши тараптың осы мемлекетінде тіркелген немесе есепке қойылған және оның туын алып жүретін болса, Уағдаласуши тарап мемлекетінен шығатын қайта өндеуші кемесінің бортында осы баптың 1.6-тармақшасында көрсетілген өнімнен ғана алынған өнім.

1.8. Уағдаласуши тараптың осы мемлекетінің осы теңіз түбін немесе осы теңіз қойнауын игеруге айрықша құқығы болған жағдайда, Уағдаласуши тарап мемлекетінің аумақтық теңізінен тыс жерлердегі теңіз түбінен немесе теңіз қойнауынан алынған өнім.

1.9. Өндірістік немесе қайта өндеу жөніндегі өзге де операциялар нәтижесінде алынған қалдықтар мен сыйықтар (қайталама шикізат).

1.10. Уағдаласуши тарап мемлекетіне тиесілі не ол жалға алған (кіреге алған) гарыш кемелерімен ашық гарышта алынған жоғары технологиялар өнімі;

1.11. Уағдаласуши тарап мемлекетінде осы баптың 1.1-1.10-тармақшаларында көрсетілген өнімнен дайындалған тауарлар.

## 4-бап

### Жеткілікті өндеу өлшемдері

1. Егер тауар өндеуге немесе қайта өндеуге ұшыраса және егер осы процесте пайдаланылған, басқа мемлекеттерден (Уағдаласуши тараптар болып табылмайтын) шыққан материалдардың (шикізаттың, жартылай фабрикаттардың және дайын бүйымдардың) құны немесе шыққан жері белгісіз тауарлардың құны экспортталағын тауар құнының 50 пайзынан аспайтын болса, тауар Уағдаласуши тараптар мемлекеттерінің бірінде жеткілікті өндеуге немесе қайта өндеуге ұшыраған деп саналады.

2. Өндеу немесе қайта өндеу процесінде пайдаланылған, басқа мемлекеттерден (Уағдаласуши тараптар болып табылмайтын) шыққан материалдардың (шикізаттың,

жартылай фабрикаттардың және дайын бұйымдардың) құны оларды өндөу немесе қайта өндөу жүзеге асырылатын Уағдаласушы тарап мемлекетінде белгіленген осы материалдардың кедендей құнының негізінде айқындалады.

Осы баптың 1-тармағында көзделген шыққан жері белгісіз тауарлардың құны оларды өндөу немесе қайта өндөу жүзеге асырылатын Уағдаласушы тарап мемлекетінің аумағында осы материалдарға төленген бағаның мөлшерінде айқындалады.

Уағдаласушы тараптар мемлекеттерінің бірінен экспортталатын тауардың құны «Инкотермс» сауда терминдері түсінігінде халықаралық қағидаларына сәйкес тауарды дайындаушы франко-зауыт бағасының базасында айқындалады.

## **5-бап**

### **Шығу кумуляциясы**

Осы Хаттаманың 2 және 4-баптарының ережелеріне зиянын тигізбей, егер тауар Қазақстан Республикасында шығарылған және құрамында Қазақстан Республикасынан Сербия Республикасынан, Беларусь Республикасынан және Ресей Федерациясынан шығарылатын материалдар болса, тауарлар Қазақстан Республикасында осы Хаттаманың 6-бабында көрсетілген операциялардан жоғары өндөу немесе қайта өндөу мәні болып табылған жағдайда ол Қазақстан Республикасында шығарылған деп саналады. Мұндай материалдардың Қазақстан Республикасында жеткілікті өндөуге немесе қайта өндөуге ұшырауы қажет емес.

Осы Хаттаманың 2 және 4-баптарының ережелеріне зиянын тигізбей, егер тауар Сербия Республикасында шығарылған және құрамында Сербия Республикасынан, Қазақстан Республикасынан, Беларусь Республикасынан және Ресей Федерациясынан шығарылатын материалдар болса, тауарлар Сербия Республикасында осы Хаттаманың 6-бабында көрсетілген операциялардан жоғары өндөу немесе қайта өндөу мәні болып табылған жағдайда ол Сербия Республикасында шығарылған деп саналады. Мұндай материалдардың Сербия Республикасында жеткілікті өндөуге немесе қайта өндөуге ұшырауы қажет емес.

## **6-бап**

### **Жеткіліксіз өндөу немесе қайта өндөу**

1. Мыналар жеткілікті дәрежеде өндөу (қайта өндөу) өлшемдеріне жауап бермейді:

1.2. Тауарды сақтау немесе тасымалдау кезінде оның сақталуын қамтамасыз ету  
жөнінде

операціялар .

1.2. Тауарды сатуға және тасымалдауға дайындау (лекті бөлу, жөнелтімдерді қалыптастыру, сұрыптау, қайта буып-тую), ораманы бөлшектеу және жинау жөніндегі  
операціялар .

1.3. Жүу, тазарту, шанды сұрту, тотық, май немесе басқа да заттарды жағу.

1.4. Тоқыманы (талшықтар мен иірілген жіптің кез келген түрі, талшықтар мен иірілген жіптің кез келген түрінен алынған мата материалдары және олардан жасалған бұйымдар)                          үтіктеу                          немесе                          тығыздай.

1.5. Сырлау немесе жылтырату жөніндегі операциялар.

1.6. Дәндер мен күріштің қабығын аршу, ішінара немесе толық ағарту, тегістеу және жылтырату.

1.7. Қантты бояу және кесек қант жасау жөніндегі операциялар.

1.8. Жемістердің, көкөністердің және жаңғақтардың қабығын аршу, тұқымын алу және                          бөлү.

1.9. Алынған құрамдауыштардың бастапқы тауардан айтарлықтай ерекшеленуіне әкеп соқпайтын қайрау, тарту немесе кесу.

1.10. Елеуіш немесе елек арқылы өткізу, сұрыптау, жіктеу, іріктеу, тандай (оның ішінде бұйымдар жиынтықтарын жасау).

1.11. Банкілерге, сауыттарға, қапшықтарға, жәшіктеге, қораптарға құю, салу және буып-түю жөніндегі басқа да қарапайым операциялар.

1.12. Қарапайым құрастыру операциялары және тауарды бөлшектеу жөніндегі операциялар.

1.13. Алынған құрамдауыштардың бастапқы тауардан айтарлықтай ерекшеленуіне әкеп соқпайтын тауарларды құрамдауыштарға бөлу.

1.14. Алынған өнімнің бастапқы құрамдастардан айтарлықтай ерекшеленуіне әкеп соқпайтын тауарларды (құрамдауыштарды) араластыру.

1.15. Мал сою, етті бөлшектеу (сұрыптау).

1.16. Көрсетілген операциялардың екеуінің немесе одан да көбінің комбинациясы.

Егер тауарға қатысты осы баптың 1-тармағында аталған операцияларды жүргізу есебінен ғана жеткілікті өндеу (қайта) өндеу өлшемін орындауға қол жеткізілсе, бұл тауар осы операциялар орын алған сол Уағдаласуши тарапта шығарылған деп саналмайды.

## 7-бап

### Тауарлардың шыққан жерінің ерекше жағдайлары

1. Егер мұндай құрылғылар, керек-жарақтар, қосалқы бөлшектер мен құралдар техникалық құжаттарға сәйкес әдетте, осындағы құрылғылармен бірге жеткізілетін, жиынтықта және мөлшерде көрсетілген машиналармен, жабдықтармен, аппараттармен немесе көлік құралдарымен бірге әкелінсе және пайдаланылса, машиналармен, жабдықтармен, аппараттармен немесе көлік құралдарымен бірге пайдалануға арналған құрылғылар, керек-жарақтар, қосалқы бөлшектер мен құралдар, машиналар, жабдықтар, аппараттар немесе көлік құралдары сияқты Уағдаласуши тараптар мемлекетінде шығарылған                          болып                          саналады.

2. Тауарларды сипаттау мен код берудің үйлестірілген жүйесін ескере отырып, орама тауардан бөлек декларациялауға жататын жағдайларды қоспағанда, тауар әкелінетін орама тауардың өзі шығарылған, Уағдаласуши тарап мемлекетінде шығарылған болып саналады. Мұндай жағдайда ораманың шығарылған елі тауардың шығарылған елінен бөлек айқындалады.

3. Егер тауар әкелінетін орама, тауардың өзі шығарылған, Уағдаласуши тарап мемлекетінде шығарылған болып саналса, онда тауардың шығарылған елін айқындау үшін бөлшек саудада сатылатын тауар орамасы ғана ескеріледі.

4. Шығарылған елін айқындау кезінде өндірістік немесе көліктік жағдайларына орай оларды бір лек етіп тиесін мүмкіндігінің болмауы салдарынан бірнеше лекпен жеткізілетін, бөлшектелген немесе құрастырылмаған түрдегі тауарлар, сондай-ақ лек қателік салдарынан бірнеше лекке бөлінген тауарлар декларанттың қалауы бойынша біртұтас тауар ретінде қаралады.

Мұндай қағида мына шарттар бір уақытта орындалған кезде қолданылады:

әкелуші елдің кеден органына Уағдаласуши тарап мемлекеттерінің тауар номенклатурасына сәйкес тауарлар кодын, әр лекке енген тауарлар құнын және шығарылған елін көрсете отырып, әр лектің ерекшелігімен қоса, бірнеше лекпен жеткізілетін бөлшектелген немесе құрастырылмаған түрдегі тауарлар немесе мұндай бөлу себептерін көрсете отырып, тауарларды бірнеше лекке бөлу туралы алдын ала хабарлау не тауарларды бірнеше лекке бөлудің кате екенін құжаттамалық растау;

тауарлардың барлық легін Уағдаласуши тараптар мемлекеттерінің бірінен бір жеткізу шінін жеткізу;

тауарлардың барлық легін бір кеден органында декларациялау;

тауарлардың барлық легін бір келісімшарт шеңберінде жеткізу;

тауарлардың барлық легін кедендей декларация қабылданған күннен бастап бір жылдан аспайтын мерзімде не оны тауарлардың бірінші легіне қатысты беру мерзімдері өткенге дейін жеткізу. Тауар алушыға байланысты емес себептер бойынша тауарлардың барлық легін жеткізу мүмкін болмаған жағдайда, әкелетін елдің кеден органы бұл мерзімді өтініш берушінің дәлелді өтініші бойынша тауарлардың барлық легін жеткізу үшін қажетті, бірақ бір жылдан аспайтын уақытқа ұзартуы мүмкін.

5. Тауарлардың шығарылған елін айқындау кезінде оларды өндіру немесе қайта өндеу үшін пайдаланылатын жылу және электр энергиясының, машиналардың, жабдықтар мен құралдардың шығарылған жері ескерілмейді.

## 8-бап

### Еркін сауда режимін беру шарттары

1. Егер тауар осы Хаттамада белгіленген шыққан жері өлшемдеріне сәйкес келсе, сондай - ақ егер :

1.1. Тауар Уағдаласуши тараптар мемлекеттерінің бірінің резиденті мен Уағдаласуши тарап мемлекетінің резиденті арасында жасалған шарт (келісімшарт) негізінде әкетілсе (әкелінсе).

1.2. Әкелетін елдің кеден органдарына осы Хаттаманың 12-бабында келтірілген толтыруға (ресімдеуге) қойылатын талаптарға сәйкес толтырылған (ресімделген) СТ-2 нысанындағы тауардың шыққан жері туралы сертификат (сертификаттың бланкісі осы Хаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын 1 және 2-қосымшаларда келтірілген) үсінілса.

1.3. Тауарларды тұра жеткізу шарттары сақталса.

1.4. Уағдаласуши тараптың мемлекеті осы Хаттаманың 11-бабында көзделген әкімшілік ынтымақтастық жөніндегі талаптарды сақтаса, тауар Уағдаласуши тараптардың кеден аумақтарында еркін сауда режимін пайдаланады.

2. Тұра жеткізуге, сондай-ақ тауарлар транзит мемлекетінде, оның ішінде оларды осы мемлекеттің аумағында уақытша қоймаға қою кезінде кедендік бақылауда болу шартымен географиялық, көліктік, техникалық немесе экономикалық себептердің салдарынан бір немесе бірнеше мемлекеттің аумағы арқылы тасымалданатын тауарлар да жауап береді.

Тауарлардың кедендік бақылауда болуын құжаттамалық растау ретінде экспорттайтын мемлекеттен транзит мемлекеті арқылы өту бағытын куәландыратын көліктік құжаттар немесе тауарлардың нақты сипатын беретін, тауарларды тиесінде (түсіру) қүнін, көлік құралдарының атауын көрсететін және тауарлардың транзит мемлекеттің кеден шарттарын куәландыратын транзит мемлекеттің кеден органдары берген құжат пайдаланылуы мүмкін.

Егер мынадай шарттар орындалатын болса:

2.1. Тауарлар Уағдаласуши тараптар мемлекеттерінің бірінің аумағынан көрме немесе жәрменқе өткізуді үйимдастырушы болып табылатын, Уағдаласуши тарап емес басқа мемлекеттің аумағына жеткізілгенде және олардың өткізілуі кезінде кедендік бақылауда болғанда;

2.2. Тауарлар көрмеге немесе жәрменқеге жөнелтілген сәттен бастап көрсетуден басқа қандай да бір өзге мақсаттарға пайдаланылмағанда;

2.3. Табиғи тозу не тасымалдаудың және сақтаудың қалыпты жағдайлары кезінде тауарлардың жай-куйіндегі өзгерістерді ескермегенде, тауарлар көрме немесе жәрменкені үйимдастырушы болып табылатын Уағдаласуши тарап емес басқа мемлекеттің аумағына жөнелтілген кездегі жай-куйінде Уағдаласуши тарап мемлекеттің аумағына әкелінгенде тұра жеткізуге импорттаушы көмелерде немесе жәрменкелерде сатып алған тауарларға да жауап береді.

3. Шыққан жері белгіленбейген немесе шыққан жері белгіленген, бірақ бұл ретте оларға қатысты еркін сауда режимі қолданылмайтын тауарлар әкелу еліне осы Уағдаласуши тарап мемлекеттің тарифтік және тарифтік емес реттеу талаптарына

4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген тауарларға қатысты әкелу елінде кеден декларациясын тіркеген күннен бастап 12 ай өткенге дейін олардың шыққан жері туралы тиісті қуәлікті алу (СТ-2 нысанындағы сертификатты беру және қажет болған жағдайда тауардың шыққан жерін растайтын басқа да құжаттар) шартымен Уағдаласуши тараптар мемлекеттерінің кеден аумақтарында еркін сауда режимі қолданылуы (қалпына келтірілуі) мүмкін (СТ-2 нысанындағы сертификатты фальсификациялау жағдайларын белгілеуден басқа).

## 9-бап

### Құжаттамалық қуәландыру

1. Уағдаласуши тараптың нақты мемлекетінде тауардың шыққан жерін растау үшін еркін сауда режимін беру мақсатында әкелу елінің кеден органдарына СТ-2 нысанындағы тауардың шыққан жері туралы сертификаттың (бұдан әрі - сертификат) түпнұсқасын беру қажет. Еркін сауда режимін беру мақсатында сертификаттың қолданылу мерзімі Уағдаласуши тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес тауардың шыққан жері туралы сертификаттарды беруге және (немесе) қуәландыруға уәкілетті орган оны қуәландырғаннан күннен бастап 12 айды құрайды.

2. Сертификат тауардың бір легіне ресімделеді және беріледі.

3. Әкелетін елдің кеден органдарына сертификат орыс немесе ағылшын тілдерінде қағаз ж е т к і з г і ш т е беріледі.

4. Жеткізілген тауарлардың іс жүзіндегі саны сертификатта көрсетілген санының 5 п а и ы з ы н а н а с п а у ы тиіс.

5. Сертификат өтініш берушінің жазбаша өтінішінің негізінде тауарды әкеткеннен кейін де берілуі мүмкін. Бұл ретте, өтініш беруші тауардың іс-жүзінде әкетілгенін растайтын кеден органының тиісті белгісі бар кедендік декларацияны уәкілетті органға қосымша ұсынады\*. Бұл жағдайда сертификаттың 5-бағанында «кейіннен берілді» деп көрсетіледі.

6. Сертификат жоғалған немесе бүлінген жағдайда оның ресми қуәландырылған телнұсқасы беріледі. Телнұска берілген жағдайда 12. «Қуәлік» деген бағанда телнұсқа берілген күн көрсетіледі, ал 5. «Қызметтік белгілер үшін» деген бағанда «Телнұска» деген белгі, жоғалған немесе бүлінген сертификат түпнұсқасының нөмірі мен күні көрсетіледі. Сертификаттың телнұсқасы түпнұсқа берілген күннен бастап күшіне енеді. Еркін сауда режимін беру мақсатында сертификаттың телнұсқасын қолдану мерзімі сертификаттың түпнұсқасын берген күннен бастап 12 айдан аспауы тиіс.

7. Қандай да бір себеппен жойылған сертификаттың орнына не бұрын берілген сертификатты қайта рәсімдеу қажеттілігі туындаған жағдайда өтініш берушінің жазбаша өтінішінің негізінде жаңа сертификат берілуі мүмкін. Бұл ретте, 5-бағанға «

жойылған (қайта ресімделген) сертификаттың нөмірі мен құнін көрсете отырып, «СТ-2 нысанындағы сертификаттың орнына берілді» деген жазба енгізіледі. Басқа сертификаттың орнына берілген сертификатқа жаңа тіркеу нөмірі беріледі.

---

\* Бұл ретте, кеден органының белгісі сертификатты беру қүннен ерте құн қойылуы керек.

## 10-бап

### Тауардың шыққан жері туралы декларация

1. Тауарлардың шағын (кедендік құны 5000 АҚШ долларына балама сомадан аспайтын) лектерінің шыққан жерін қуәландыру үшін сертификат ұсыну талап етілмейді. Бұл жағдайда экспорттаушы осы Хаттамаға З-қосымшаға сәйкес шот-фактурада (инвойста), басқа да коммерциялық немесе тауарға ілеспе құжаттарда ресімделген тауарды шығарған ел туралы декларацияны ұсына алады.

2. Тауардың шыққан жері туралы декларацияны ұсынған экспорттаушы әкететін елдің құзыретті органының талабы бойынша осы Хаттамаға сәйкес шығарылуын растайтын барлық қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға міндettі.

3. Тауардың шыққан жері туралы декларация басылған түрінде, тауарды жөнелтушінің (экспортташының), сатушының, өндірушінің немесе бұл тауарларға қатысы бар құзыретті тұлғаның тегі мен аты-жөнін көрсетумен, жеке қол қоюы арқылы ресімделуі тиіс.

## 11-бап

### Әкімшілік ынтымақтастық

1. Уағдаласушы тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары СТ-2 нысанындағы сертификаттар бланкілерінің, сертификаттарды қуәландыру құқығына ие тұлғалардың қол қою үлгілерімен, ұлттық заңнамаға сәйкес тауарлардың шыққан жері туралы сертификаттарды беруге және (немесе) қуәландыруға уәкілетті органдар мөрлерінің бедері үлгілерімен, осындау уәкілетті органдардың, сондай-ақ СТ-2 нысанындағы тауарлардың шыққан жері сертификаттарын және тауарлардың шыққан жері туралы декларацияны верификациациялауға уәкілетті органдардың (мұндай органдар қаралған жағдайда) атаулары мен мекенжайлары туралы ақпаратпен алмасады.

Мөрлердің түпнұсқалылығын біркелкі бірдейлендіруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін мөрлердің анық бедері болуы тиіс.

Уағдаласушы тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары жоғарыда көрсетілген ақпараттың кез келген өзгерулері жағдайында бір-бірін шүғыл арада хабардар етеді.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген ақпарат ұсынылмаса, әкелінетін тауарларға қатысты еркін сауда режимі берілмейді.

3. Уағдаласуши тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары кейіннен СТ-2 нысанындағы тауарлардың шыққан жері сертификаттарын және тауарлардың шыққан жері туралы декларацияларды іріктеу негізінде немесе әкелетін елдің кеден органдарының бұл құжаттардың немесе оларда қамтылған мәліметтердің дүрыстығына қатысты дәлелді күмәндары пайда болған жағдайда тексеруді (верификациялауды) жүзеге асырады.

4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген жағдайларда әкелетін елдің кеден органдары сертификатты қуәланыруши құзыретті органға, немесе сертификаттарды және тауарлардың шыққан жері туралы декларацияларды верификациялауды, сертификаттың (тауардың шыққан жері туралы декларацияның) дүрыстығын және (немесе) оларда қамтылған мәліметтердің дүрыстығын растау немесе тауарлардың шыққан жері туралы өлшемді орындау жөніндегі қосымша не нақтылау мәліметтерін хабарлау туралы уәжді өтінішпен жүзеге асыруға уәкілетті органдарға сұрау жолдауға күкілді.

Кейіннен верификациялау туралы сұрауға тексерілетін сертификаттың (тауардың шыққан жері туралы декларацияның) көшірмесі жалғанады.

Сұрауда жолдау себептері және (немесе) іріктеу негізінде кейіннен тексеру (верификациялау) жүргізу жағдайларын қоспағанда, сертификатта (тауардың шыққан жері туралы декларацияда) дұрыс болмауы мүмкін мәліметтерді қамтитын басқа да қосымша ақпарат көрсетіледі.

5. Кейіннен тексеруді (верификациялауды) экспорттайтын Уағдаласуши тараптың уәкілетті органдары жүзеге асырады. Бұл мақсатта олар қажетті құжаттарды сұратуға, тауарлардың шыққан жері растау үшін құжаттаманы және өндірушінің (экспорттаушының) есепшоттарын тексеруге құқылы болуы тиіс.

6. Кейіннен тексеру (верификациялау) нәтижелерін алғанға дейін кеден органдары әкелінетін тауарларға қатысты тарифтік преференциялар (еркін сауда режимін) беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Тарифтік преференцияларды (еркін сауда режимін) беруден бас тарту кеден органдарының әкелінетін тауарды шығарудан, Уағдаласуши тараптардың үлттық заңнамада көзделген жағдайларын қоспағанда, алайқтық фактілері анықталмаса және шектеулер мен тыйымдар сақталынған жағдайда, бас тартуына негіз бола алмайды.

7. Осы баптың 4-тармағында көзделген талаптарды орындау жағдайында кейіннен тексеру (верификациялау) мүмкіндігінше қысқа мерзімде жүзеге асырылуы тиіс және сұрау жолдаған кеден органдарына, сұрау жолданған күннен бастап 6 айдан кешіктірмей, оның нәтижелері туралы ақпарат жіберілуі тиіс.

Бұл нәтижелер құжаттардың дұрыс екендігін және нақты тауарлардың Уағдаласуши тарап мемлекетінің аумағынан шыққан тауарлар ретінде қарастырыла алатындығын, сондай-ақ осы Хаттаманың басқа да талаптары орындалуда ма-осыларды айқын көрсетуі тиіс.

8. Кейіннен тексерудің (верификациациялау) алынған нәтижелері сертификаттардың (тауарлардың шыққан жері туралы декларациялардың) дұрыстығын немесе тауарлардың нақты шыққан жерін анықтауға мүмкіндік бермесе, тарифтік преференциялар (еркін сауда режими) берілмейді.

9. Тиісінше ресімделген сертификат немесе сұратылған ақпарат ұсынылмаса, тауар Уағдаласуши тараптар мемлекеттерінен шыққан болып саналмайды.

10. Кейіннен тексеруді (верификациациялауды) жүргізу мақсатында сертификаттардың көшірмелері, сондай-ақ оларға қатысы бар кез келген экспорттауши құжаттар Уағдаласуши тарап мемлекетінің уәкілетті органымен үш жылдан кем емес мерзімге сақталуы тиіс.

## 12-бап

### **Сертификатты толтыру тәртібі мен талаптары**

1. Сертификат ағылшын немесе орыс тілдерінде басылған түрінде, қорғаныш торкөзі немесе қорғаныш түсті жиегі бар, типографиялық тәсілмен әзірленген тығыздығы  $25\text{г}/\text{м}^2$  кем емес A4 форматты (210x297 мм) қағазда ресімделеді.

2. СТ-2 нысанындағы сертификат көшірмесі, сондай-ақ онымен байланысты тауарлардың шыққан жерін растайтын кез келген құжаттар сертификат берген уәкілетті органда 3 жылдан кем емес мерзім сақталады.

3. Сертификатта адамдардың қол қоюының факсимилесін пайдалануға, қандай да бір тазартулар, түзетулер және (немесе) сертификатты куәландырушы органмен куәландырылмаған толықтырулардың болуына жол берілмейді.

4. Сертификатқа енгізілетін түзетулер және (немесе) толықтырулар қате ақпаратты сзып тастау және түзетілген мәліметтерді басу жолымен немесе қолмен енгізу арқылы жүргізіледі, олар сертификатты беруге және куәландыруға уәкілетті органның мөрімен және өкілетті тұлғаның қолымен куәландырылады.

5. Сертификатты толтыру келесі талаптарға жауап беруі тиіс:

1-баған «Жүкті жөнелтуші (экспорттаушы) (атауы және мекенжайы)». Бағанды толтыру кезінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке не жүкті жөнелтуші (экспорттаушының) нақты мекенжайын растайтын құжатқа сәйкес жүкті жөнелтуші (экспорттаушының) атауын көрсетуге жол беріледі.

СТ-2 нысанындағы сертификаттың 1 және 2-бағандарында жүкті түсірумен байланысты басқа да тауарға ілеспе құжаттардағы (сыртқы сауда шарты (мәмілесі), шот-фактура, кеден декларациясы және т.б.) атаулармен бірдей жүкті жөнелтуші (экспорттаушының) және жүкті алушы (импорттаушының) атаулары мен мекенжайлары көрсетіледі.

Жүкті жөнелтуші және экспорттаушы әртүрлі занды тұлға болған жағдайда, жүкті жөнелтуші (атауы және мекенжайы) экспорттаушының (атауы және мекенжайы) «

тапсырмасы бойынша» әрекет ететіндігін көрсету керек;  
2-баған «Жүкті алушы (импорттаушы) (атауы және мекенжайы)». Бағанды толтыру кезінде мемлекеттік тіркеу туралы қуәлікке не жүкті алушы (импорттаушының) нақты мекенжайын растайтын құжатқа сәйкес жүкті алушы (импорттаушының) атауын көрсетуге жол беріледі.

СТ-2 нысанындағы сертификаттың 1 және 2-бағандарында жүкті түсірумен байланысты басқа да тауарға ілеспе құжаттардағы (сыртқы сауда шарты (мәмілесі), шот-фактура, кеден декларациясы және т.б.) атаулармен бірдей жүкті жөнелтуші (экспорттаушының) және жүкті алушы (импорттаушының) атаулары мен мекенжайлары көрсетіледі.

Жүкті алушы және импорттаушы әртүрлі заңды тұлға болған жағдайда, жүкті алушы (атауы және мекенжайы) импорттаушының (атауы және мекенжайы) «тапсырмасы бойынша» әрекет ететіндігін көрсету керек;

3-баған - «Көлік құралдары мен тасымалдау бағыты (белгілі болғанына қарай)». Көлік құралдары мен тасымалдау бағыты белгілі болғанына қарай көрсетіледі.

4-баған - сертификаттың тіркеу нөмірі, сертификатты берген ел, бұл сертификат қандай елге арналғаны көрсетіледі.

Тіркеу нөмірін қолмен жазып енгізуге немесе мөртабан қоюға жол беріледі.

5-баған - «Қызметтік белгілер үшін». Тауарды әкету, оның транзиті және (немесе) тауарды алу елдерінің мемлекеттік бақылаушы органдарының қызметтік белгілері, сонымен қатар қажет жағдайда «Телнұсқа», «Сертификаттың орнына берілді», «Кейіннен берілді» деген жазбалар және осы Хаттамамен көзделген басқа да жазбалар қолмен жазылып, басылады немесе мөртабан қойылады.

Осы бағанға қолмен жазылып енгізілетін жазбалар осы баптың 4-тармағымен қаралған тәртіpte куәландырылады.

6-баған - «Нөмірі». Тауардың реттік нөмірі көрсетіледі;

7-баған - «Орындар саны және орама түрі». Орындар саны және орама түрі көрсетіледі;

8-баған - «Тауардың сипаты». Кедендік ресімдеу мақсаты үшін өтініш берілген тауарды біркелкі бірдейлендіруге мүмкіндік беретін тауардың коммерциялық атауы және басқа да деректер көрсетіледі.

8-бағанды толтыру үшін орын жеткіліксіз болған жағдайда, белгіленген тәртіpte толтырылатын (сертификаттың 4-бағанында көрсетілгеніндей бірдей тіркеу нөмірі бар, қол қоюмен және мөрмен куәландырылған) тауардың шыққан жері туралы қосымша парапты (параптарды) пайдалануға (қосымша парап бланкі осы Хаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын 2-қосымшада көрсетілген) жол беріледі.

Атаулардың ауқымды номенклатуралық тізбесі бар тауарлар легін өткізу жағдайында барлық тауарлар бір тауарлық позицияда жіктеліп, бірдей шыққан жері өлшеміне ие болса, сертификаттың қосымша парагын (параптарын) ресімдеудің орнына

тауарлардың толық тізбесі келтірілген тауарға ілеспе құжатты (шот-фактура, шот-проформа, көліктік жүккүжат (коносамент) не тауардың сандық сипаттамасын көрсететін басқа да құжат) пайдалануға жол беріледі. Бірінші бетінде тиісті сертификаттың берілген күні мен тіркеу нөмірі көрсетілетін осы тауарға ілеспе құжат әкелетін елдің кеден органдарына сертификатпен қатар ұсынылады. Тауарға ілеспе құжаттағы тауарлардың шыққан жері туралы мәліметтер сертификат берген уәкілетті органмен куәланышылады. Бұл ретте сертификаттың 8-бағанында тауарға тиісті ілеспе құжатқа, оның деректемелерін және парактар санын көрсетумен, сілтеме жасалады;

#### 9-баған - «Шыққан жерінің өлшемі».

Тауар шыққан жердің келесі өлшемдері көрсетіледі:  
«Р» - тауар толығымен экспорттаушы елде өндірілген;  
«Y» (өндіруші франко-зауыт бағасының базасында анықталатын экспортталағын тауар құнындағы тауарды өндіру кезінде пайдаланылған, басқа мемлекеттен шығарылған немесе шығарылған елі белгісіз шикізат, жартылай фабрикаттар немесе дайын бұйымдар құнының пайыздық үлесін көрсете отырып, мысалы «Y15 %»);

«Рк» - тауар кумулятивтік қағидатын пайдаланумен шығарылған.

Егер сертификатта бір бөлігі Тауарларды сипаттау мен кодтаудың үйлестірілген жүйесінің төрт мәнді тауар позициясының бірінде жіктелген түрлі тауарға өтініш берілсе, 9-бағанда осы төрт мәнді тауар позициясының барлық тауарлары үшін шығу өлшемінің бір әріптік белгіленуін көрсетуге жол беріледі.

Егер сертификатта Тауарларды сипаттау мен кодтаудың үйлестірілген жүйесінде әртүрлі тауар позицияларында жіктелген тауарларға өтініш берілсе және (немесе) шығу өлшемдері әртүрлі болған жағдайда, 9-бағанда өтініш берілген тауарлардың барлығы үшін шығу өлшемдері жіктеліп көрсетіледі;

10-баған - «Тауардың саны». Уағдаласуши тараптардың тауар номенклатураларына сәйкес тауардың брутто (таза) массасы (кг) және (немесе) басқа да сандық сипаттамалары көрсетіледі. Жеткізілген тауардың нақты саны сертификатта көрсетілген санының 5%-ынан аспауы тиіс.

Таза массасы бөлшек сауда кезінде тауардан бөлінбейтін бастапқы орамасын есепке ала  
отырып  
көрсетіледі.

11-баған - «Шот-фактураның нөмірі мен күні». Шот-фактура, немесе шот-проформа, немесе тауардың қаржылық және (немесе) сандық параметрлері туралы басқа құжат жөніндегі мәліметтер көрсетіледі;

12-баған - «Куәлік». Уәкілетті орган толтырады және оның атауын, мекенжайын, мөрін және сертификат (төлнұсқа) берілген күнді, сондай-ақ сертификатты (төлнұсқаны) растауға уәкілетті адамның қолын, тегін және аты мен әкесінің атын қамтиды.

Күнді, сондай-ақ уәкілетті адамның тегін, аты мен әкесінің атын қолмен жазуға немесе мөртабан қоюға жол беріледі;

13-баған - «Өтініш берушінің декларациясы». Тауар толығымен өндірілген немесе

жеткілікті өңдеуге (қайта өңдеуге) ұшыраған ел, тауардың шыққан елі туралы мәліметтің мәлімделген күні көрсетіледі және өтініш берушінің мөрі, қолы, тегі, аты мен әкесінің аты жазылады.

Күнді, сондай-ақ өтініш берушінің қолын, тегін, аты мен әкесінің атын қолмен жазуға немесе мортабан қоюға жол беріледі.

Тауарды жеке тұлға - Уағдаласуши тараптардың бірінің резиденті әкеткен (әкелген) жағдайда, СТ-2 нысанындағы сертификат келесі ерекшеліктерді ескере отырып толтырылады:

1-баған - жүк жөнелтушінің тегі, аты мен әкесінің аты және оның мекенжайы көрсетіледі;

2-баған - деректер болған жағдайда жүк алушының тегі, аты мен әкесінің аты, оның мекенжайы көрсетіледі, сондай-ақ «Еркін айналым үшін» белгісі қойылады.

Жүк жөнелтушінің де және жүк алушының да бір тұлға болуы мүмкін екендігіне жол беріледі;

5 және 11-бағандар деректер болмаған жағдайда толтырылмаған қалпында қалуы мұмкін; ;

13-баған тауардың шыққан елі туралы мәліметтерді мәлімдеу күнін, сондай-ақ жүк жөнелтушінің тегін, аты мен әкесінің атын көрсете отырып, жүк жөнелтушінің қолымен расталады.

6. Сертификатты бланктің екінші жағында толтыруға жол берілмейді.

## 13-бап

### Еркін сауда режимін беруден бас тарту үшін негіздер

1. Уағдаласуши тарап мемлекетінің кеден органы Уағдаласуши тараптар мемлекеттерінен шыққан және әкелінетін тауарларға қатысты келесі жағдайларда:

1.1. Осы Хаттаманың 4-бабында көрсетілген еркін сауда режимін беру шарттарын бұзғанда;

1.2. Егер әкелетін елдің кеден органдары 3 жыл бойы әкететін елдің құзыретті органдарынан сертификаттың берілмегені (жалғандағы), күші жойылғаны немесе зансыз, дұрыс емес немесе толық емес күжаттар және (немесе) мәліметтер негізінде берілгендей туралы расталған мәліметтер алғанда;

1.3. Егер осы Хаттаманың 11-бабының 4-тармағында көрсетілген сұрау жіберілген күннен бастап 6 ай бойы сұрау салынған сертификатқа қатысты әкететін елдің немесе тауар шыққан елдің құзыретті органдарынан жауап алынбағанда еркін сауда режимін беруден бас тартады.

Тауарлардың шығу елін анықтау және әкімшілік ынтымактастық әдістері

т у р а л ы

х а т т а м а ф а

1 қосымша

**СТ-2 нысанды**

1. Жүк жөнелтуші/экспорттаушы (атауы және мекенжайы)	4. Тауардың шықкан жері - сертификаты СТ-2 нысаны			
	Б е р і л г е н			
2. Жүк алушы/импорттаушы (атауы және мекенжайы)	( е л д і н а т а у ы ) Ү с и н у (елдің атауы)			
3. Көлік күралдары және жүру бағыты (қаншалықты белгілі болса)	5. Қызметтік белгілер үшін			
6. № 7. Орынның саны және ораманың түрі	8. Тауардың сипаттамасы	9. Шықкан жері критерийі	10. Тауардың саны	11. Шот-фактураның нөмірі және күні
12 . Осымен куәландырылады, жүргізілген тексеру негізінде, мәлімдеушінің декларациясы шындыққа сәйкес	К у ә л і к ке л е д і	13. Мәлімдеушінің декларациясы Төменде қол қоюшы мәлімдейді, Жоғарыда келтірілген мәліметтер шындыққа сәйкес келеді: тауарлардың бәрі толық шығарылған немесе жеткілікті қайта	ө н д е л г е н	( е л д і н а т а у ы ) және олар осындай тауарларға қатысты шығу тегі туралы белгіленген талаптарға сай
Колы Күні Мер		Колы Күні Мер		

Тауарлардың шығу елін анықтау және  
әкімшілік ынтымақтастық әдістері

т у р а л ы х а т т а м а ф а  
2 қосымша

**№ СЕРТИФИКАТЫҢ ҚОСЫМША ПАРАФЫ \_\_\_\_\_**  
**тауардың шықкан жері туралы СТ-2 нысан**

6. № 7. Орынның саны және ораманың түрі	8. Тауардың сипаттамасы	9. Шықкан жері критерийі	10. Тауардың саны	11. Шот-фактураның нөмірі және күні
12 . Осымен куәландырылады, жүргізілген тексеру негізінде, мәлімдеушінің декларациясы шындыққа сәйкес келеді	К у ә л і к ке л е д і	13. Мәлімдеушінің декларациясы Төменде қол қоюшы мәлімдейді, Жоғарыда келтірілген мәліметтер шындыққа сәйкес келеді: тауарлардың бәрі толық шығарылған немесе жеткілікті қайта	ө н д е л г е н	( е л д і н а т а у ы )

Қолы Күні Мөр

және олар осындай тауарларға қатысты шығу тегі туралы белгіленген  
талаптарға сай

Қолы Күні Мөр

Тауарлардың  
әкімшілік  
туралы  
З қосымша

шығу  
ынтымақтастық

х а т т а м ағ а

анықтау  
әдістері

және

## Тауардың шыққан жері туралы декларация

Тауардың шыққан жері туралы декларация дайындаушы, сатушы немесе жөнелтуші (бұдан әрі - Экспорттаушы) жасаған тауардың шыққан елі туралы орыс немесе ағылшын тілінде келесі жазба түріндегі мәлімдеме болып табылады:

О р ы с ш а н ұ с қ а с ы :

Экспортер \_\_\_\_\_ «1» заявляет, что страной происхождения товаров, поименованных в настоящем документе, является \_\_\_\_\_ «2».  
\_\_\_\_\_ «3».

«1» - указывается наименование экспортера товаров согласно товаросопроводительным документам.

«2» - указывается название страны происхождения товаров.

«3» - указывается подпись, фамилия, имя изготовителя, продавца, отправителя (экспортера) или компетентного лица, имеющего отношение к товару.

Ағылшынша нұсқасы :

The exporter \_\_\_\_\_ «1» declares that the country of origin of goods covered by this document is ----- «2».  
----- «3».

«1» The name of the exporter of goods in accordance with accompanying documents

«2» The name of country of origin of goods

«3» Signature, Surname, Name of sender (exporter) or his legal representative (of the exporter)

2010 жылғы 7 қазанда Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сербия Республикасының Үкіметі арасындағы Еркін сауда туралы келісімнің бұл көшірмесінің дәлдігін куәландырамын.

Қазақстан Республикасының  
Сыртқы істер министрлігі  
Халықаралық-құқық  
департаментінің

Басқарма бастығы

Б. Пискорский

РКАО-ның ескертпесі: Бұдан әрі Келісімнің мәтіні серб тілінде берілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК